

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ»
КММ**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

**«Әсемдік әлемінде»
(кіріктірілген сабақ)**

Өскемен, 2016 ж.

«Әсемдік әлемінде»

(кіріктірілген сабақ)

Модуль: «Аққу»

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін, көркемдік - эстетикалық талғамын, ұлттық сана - сезімін, көзқарасын, қиялын дамыту.

Сабақтың міндеттері: Құстар табиғатының әсемдігі мен сұлулығын, олардың іс - әрекеттерін күй тыңдау, ән салу, би билеу, бейнелеу өнері және көркем сөз қолдану арқылы оқушылардың бойына сіңіру.

Қолданылатын құралдар: Бейнетаспа, ұнтаспа, домбыра, композиторлар Ықылас Дүкенұлы, Сүгір Әлиұлы, Нұрғиса Тілендиевтің суреттері, бейнелеуге арналған құралдар.

Сабақтың өту барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылар сабақ өтетін бөлмеге кіріп отырады.

Ұнтаспадан орман құстарының дауысы естіледі.

- Балалар, сендер ненің дауысын естідіңдер?

- Құстардың.

- Сендер қандай құстарды білесіңдер?

- Қара торғай, бұлбұл, көкек, қарлығаш, аққу, тырна, бүркіт, қарға, қаз,

үйрек, сауысқан, үкі, шіл, қырғауыл, құр, т. б.

- Осы құстардың қайсысы суды мекендейді?

- Аққу, қаз, үйрек.

- Құстардың дауысын бір - бірінен ажырата аласыңдар ма?

- Иә.

Олай болса, ойын арқылы тексеріп көрейік.

Ойын: «Кім қалай дауыстайды?»

Тырна – тыраулайды, бұлбұл – сайрайды, қарға – қарқылдайды, көкек – көкектейді, қарлығаш, сауысқан – шықылықтайды, үйрек – барқылдайды, қаз – қаңқылдайды, аққу – сұңқылдайды.

- Жауаптарына рахмет. Міне, өздерің айтқандай әрбір құстың өз дауысы, үні бар. Ал енді аққудың сұңқылдаған дауысын бейнетаспадан тамашалап көрейік.

(Бейнетаспадан «Қыз Жібек» фильмінен үзінді көрсетіледі)

- Енді біз құстар туралы қандай әндер, күйлер білетініміз туралы есімізге түсірейік. Құстар туралы қандай әндер, күйлер білесіңдер?

- «Ақ көгершін», «Құстар әні», Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйі, т.б.

- Біздің халқымыз ежелден - ақ құстарды дәріптеп, ең жақсы көрген адамын құсқа теңеген. Әншісін – бұлбұлға (мысалы, Күләш Байсейітова, Бибигүл Төлегенова апаларымыз), батырын – бүркітке, ұлдарын – сұңқарға, елден асқан сұлуын – аққуға теңеген. Ал кішкене балаларын, сәбилерін неге теңеген?

- Әрине, балапанға. Мұндай теңеулердің бала бойында жақсы, ізгі қасиеттерді дамытуға тигізер септігі зор.

- Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Жауабын тауып көріңдерші.

Көлдің көркі, сәні екен,

Ұшқанда сазды әні екен.

Ақындар оны мақтаған,

Адамдар қорғап, сақтаған.

Бұл қандай құс?

(Аққу)

(Слайдтан аққудың суреті көрсетіледі)

- Дұрыс айтасыңдар. Бұл – аққу. Аққуды ақындар жырға, композиторлар әнге, күйге қосса, бишілер әсем биімен, ал суретшілер өздері салған суреттерінде аққудың сұлулығын, әсемдігін бейнелеген.

Аққу мен қазақтың ұлттық аспабы домбыраның арасындағы байланыс, үндестік туралы айта кетейін.

- Алдымен домбыра аспабының құрылысын есімізге түсірейік.

- Домбыраның басы, құлағы, пернесі, шанағы, тиегі, түймесі, аузы, т. с. с. бар.

- Мына суретке назар аударайық. *(Слайдтан домбыра мен аққудың суреті көрсетіледі)*

- Өздерің байқап көріп отырғандай домбыра мен аққудың қандай ұқсастығы бар екен?

- Екеуінде де мойны, басы, шанағы бар. Домбыра мойны – аққудың мойнындай болашаққа ұмтылу, мәңгілік әуенге талпыну символы. Домбыра басы – аққудың басы іспеттес биіктен таза музыка тілін естіп қабылдайды.

- Қазақтың күйші композиторлары Ықылас Дүкенұлы «Аққу» күйін қобызға арнап шығарса, Сүгір Әлиұлы, Нұрғиса Тілендиев аталарымыз өз күйлерін домбыраға арнап шығарған.

(Слайдтан композиторлардың – Ықылас, Сүгір, Нұрғиса аталардың суреттері көрсетіледі)

- Енді қазір қазақтың белгілі композиторы, асқан шебер домбырашы Нұрғиса Тілендиев атамыздың «Аққу» күйін тыңдайық.

(Үнтаспадан «Аққу» күйін тыңдау)

- Күйді тыңдаған кезде аққудың бейнесін көз алдарыңа елестете алдыңдар ма?

- Иә.

- Бұл күйде айдын көлде жүзіп жүрген әппақ сұлу аққулар қанаттарын қағып, аспанға сұңқылдай ұшады. Самғап ұшқанда күй екпіні де біртіндеп жылдамдап, аққулар алысқа ұзай береді.

- Ал енді аққудың бейнесін өз қимылымызбен жасап, билеп көрсетейік.

(Аққудың бейнесін би қимылы арқылы көрсету)

- Балалар, күй тыңдағанда, би билегенде көз алдымызға елестеткен аққудың бейнесін сурет арқылы көрсетуге шақырамын. Қазір біз әдемі аққу бейнесін жылдам бейнелеу әдісімен бейнелеп көрейік. Ол үшін қолымызды ақ қағаз бетіне қойып, саусақтарымыздың шетін сызып өтейік. Төрт

саусағымыз аққудың қанаттары, алақанымыз денесі, бас бармағымыз аққудың мойнын бейнелеуге көмектеседі.

(Ақ қағазға қолдың көмегімен аққудың бейнесін салу, ою)

- Міне, әдемі аққу құсымыз дайын болған сияқты.
- Өз ойларыңдағы аққу бейнесін бейнелей алдыңдар ма?
- Кім өзі салған аққуы туралы айтып бергісі келеді?
- Өздерің бейнелеген аққуларды айдын көлге жіберейік.

(Аққулар бейнесін көк жамылғы жайылған үстелге апарып қояды)

- Көліміз сұлу аққулармен әсем болып кетті. Өміріміз де осындай әдемі болсын деген ізгі тілекпен сабағымызды аяқтаймыз.